

## Метанды пиролиздеу механизмі

Жалпы босрадикалды механизм қабылданған. Метанды пиролиздеу өнімдерінде  $\cdot\text{CH}_3$ ;  $:\text{CH}_2$  және  $:\text{CH}$  бос радикалдары анықталған. Үштік байланыспен байланысқан, екі көміртек атомынан тұратын бос радикалдар арқылы метаннан ацетиленнің қалай түзілетінін түсіндіру үшін көптеген сұлбалар ұсынылған. Олардың ішінен, біріншіден, этанның түзілуін болжайтын екі механизм қабылданған.

### 1-механизм

Бұл сұлба бойынша метиленді радикалдардан ( $:\text{CH}_2$ ) алғашқыда этан түзеледі, ол одан ары дегидрлеу реакциясы нәтижесінде этилен түзеді; этилен ары қарай ацетиленге дейін дегидрленеді.



Этилен екі метиленді радикалдардан да түзіле алады:

